

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Телефон

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.08.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/79585/>

№33 «Орленок» МКҚК бөбекжайы

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

«Балапан» ересек тобы Тәрбиеші: О.А. Едресова Білім беру саласы: «Әлеуметтік орта»
Бөлімі: «Көркем әдебиет» Тақырыбы: «Телефон» Мақсаты: Жұмбақ өлеңнің мазмұнын ашып, өмірге қажетті заттар, телефон ақпараттық құрал түріне жататындығы туралы дұрыс пайдалану жолдарын үйрету, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: суреттер қарау. Әдіс тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, бағалау, сергіту сәті

Қажетті көрнекі құралдар: суреттер, көрнекіліктер Қостілділік компонент: телефон-телефон-Phone

Іс-әрекет кезеңдері Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық-қозғаушылық Шаттық шеңбері: Балалардың көңіл-күйлері

Арайлап таң атты, көтеріңкі. Өлең жолдарын

Алтын сәуле таратты. айтады.

Жарқырайды қаламыз,

Құлпырады қаламыз.

Жұмбақ:

Шыр-шыр етеді, -телефон

Ұстай алсаң сөйлеп кетеді

Ұйымдастыру- іздестіру

-Білесіңдер ме, балалар, телефонды өте ертеде ойлап тапқан. Бұл сөз екі бөліктен құралған, «теле» - алыс, «фон» - дыбыс, яғни алыстан естілген дауыс. Қазіргі, біз сөйлесіп жүрген телефонды, америка ғалымы Александр Белл ойлап тапқан.

-Қалай ойлайсыңдар, телефон не үшін керек, өмірде оның қандай пайдасы бар? — хабарласу үшін

-Ол өмірде, жұмыс бабында, туыс-жолдаспен хабарласу үшін көмегі зор. Үйден шықпай-ақ досыңмен, туған-туыстарыңмен хабарласуға,

ақпарат алуға, таратуға болады.

-Телефонмен сөйлесу әдебін білесіңдер ме? Телефонмен сыпайы, қысқа сөйлесу керек.

-Қоңырау үнін естіген соң, не деп жауап беру керек? Қоңырау үнін естіген соң, тұтқаны көтеріп, амандасу керек.

-Егер сенен үйдегі адамдардың біреуін шақырып жіберуді өтінсе, «бұл кім?» «оны қайтесіз?» деу орынды ма? -Жоқ

-«Қазір сөйлесе аласыз ба, кедергі жасап тұрған жоқпын ба?»- деп сұрап алу орынды ма? -Ия

-Балалар, естеріңде болсын әдепті адам ешқашан ұзақ сөйлеспейді.

Сергіту сәті: Сергіту сәті: Балалар тәрбиешімен
Биік болып өсеміз бірге өлең жолдарын
Жапырақтай жайқалып қимылдар арқылы
Табиғатты сүйеміз көрсетеді.
Денемізді тік ұстап Ойынды қызығушылықпен
Билеп -билеп аламыз. орындайды.

Дидактикалық ойын: «Түстерін тап» Ойынға деген
Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, есте қызығушылықтарын сақтау қабілеттерін дамыту арттыру.

Қимылды ойын: «Телефон»

Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Рефлексивті-түзетушілік

Оқу қызметті сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

-Балалар сонымен телефон не үшін қажет? -Ол өмірде, жұмыс бабында, туыс-жолдаспен хабарласу үшін көмегі зор.

Жақсы қатысқан балаларды мадақтау, бағалау.

Күтілетін нәтиже: Жаңғыртады: жұмбақты шеше біледі; Нені игереді: ақпаратты электронды техника -телефон арқылы алуға және таратуға болатындығын, қарапайым ақпарат көздерін қолдану дағдыларын, сөйлесу үшін қажет екенін ; Нені біледі: қарапайым ақпарат көздерін қолдануды, ақпарат алушы мен таратушы туралы білімді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.